

Нұртан Азамат Ерланұлының
«Қазақстан Республикасында шетелдік сот пен төрелік шешімдерін
мәжбүрлеп орындату: құқықтық негіздері мен заманауи талаптары»
тақырыбындағы «8D04201-Құқықтану» білім беру бағдарламасының
философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған
диссертациялық жұмысына

ПІКІР

1. Тақырыптың өзектілігі, оның құқықтық жүйені дамытудағы рөлі, диссертация мазмұнының зерттеу тақырыбына және бекітілген тапсырмаға сәйкестігі. Құқықтық механизмді жетілдіру қажеттіліктеріне сүйене отырып, осы тақырыпты әзірлеу қажеттілігі.

А.Е. Нұртанның докторлық диссертациясы Қазақстан Республикасында шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату мәселелері мен олардың шешімдері туралы заманауи талаптарға арнап жазылған. Докторанттың зерттеп отырған тақырыбы өзекті болып табылады, өйткені осы мәселеге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Жолдауында баса көңіл бөлінген. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының кәсіпкерлері шетелдіктермен тауар-ақша айналымына жиі түсуде және шетелдік инвестицияларды тарту үстінде. Осындай инвесторлар мен кәсіпкерлердің өзара әрекеттесуі барысында туындайтын даулар әртүрлі елдердің соттары мен төреліктерінде қаралатыны сөзсіз. Бұл жағдайда соттар мен төреліктердің дауды реттеп, шешім шығаруы ғана емес, оның әрі қарай орындалуы өте маңызды, себебі, кәсіпкерлердің бұзылған құқықтары мен заңды мүдделері шешім шыққанда ғана емес, ол орындалғанда қалпына келетіні ақиқат. Осыған орай, А.Е. Нұртанның ғылыми зерттеуінің нәтижесінде соттар мен төреліктер шешім шығарғанда ғана емес, әрі қарай олар толық орындалған жағдайда құқықтық реттеу тетігіне нүкте қойылып, азаматтардың, заңды тұлғалардың және мемлекеттің бұзылған немесе даулы құқықтары мен бостандықтары, сондай-ақ заңмен қорғалатын мүдделері нақты қалпына келтірілетіні зерттеліп дәлелденген.

2. Жұмыс құрылымының негізгі ерекшеліктері, бөлімдердің (тараулардың) қысқаша сипаттамасы, жұмыс тақырыбының бөлімдердің мазмұнына сәйкестігі. Тақырыптың қажетті сұрақтарының толықтығы.

Ұсынылып отырған Phd докторлық диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Диссертациялық зерттеудің бірінші тарауында шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатудың ғылыми-теориялық және құқықтық негіздеріне қазақстандық және шетелдік сот практикасының шешімдері

негізінде талдау жасалған және статистикалық мәліметтер келтірілген, 2020-2024 жылдар аралығында шетелдік шешімдердің негізінде қозғалған атқарушылық өндірістің мәліметтеріне, қазақстандық және басқа да шетелдік ғалымдардың пікірлеріне, Конвенциялардың ерекшеліктеріне салыстырмалы-құқықтық талдау жасалған. Сонымен қатар, диссертацияда сот практикасына талдау жүргізіліп, нақты мысалдар келтірілген және автор соттың жіберген қателіктеріне ерекше тоқталып өтіп, болашақта осындай ағаттықтарды болдырмаудың жолдарын ұсынған.

Диссертациялық жұмыстың екінші тарауында шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдерін Қазақстан Республикасында мәжбүрлеп орындатудың ережелері қарастырылған. Сот шешімін тану рәсімі арқылы орындауға рұқсат беру мәселесі әр мемлекеттің ішкі ісі болып табылады, өйткені осы аумақта орындалуы көзделген шетелдік шешім шетелдік құқықтың іс жүргізу және (көбінесе) материалдық нормаларына сәйкес қабылданады, бұл өз кезегінде орындау аумағының құқығымен қайшылыққа түсуі мүмкін. Сондықтан әрбір мемлекет шетелдік шешімнің орындалуына байланысты туындайтын жағымсыз салдардан ұлттық құқықтық тәртіпті қорғауға құқылы. Алайда, халықаралық сыпайылық пен ынтымақтастық принциптеріне сәйкес, мемлекеттің мұндай еркі барынша шектелуі тиіс, себебі әлемдік қауымдастық өз қызметін ең алдымен адам құқықтарының басымдығына негіздеуі қажет деп ашып көрсетілген жұмыста. Сонымен қатар, шетелдік сот шешімдерін тану жүйесі де ғалымдардың пікірлері ескеріле отырып, егжей-тегжейлі қарастырылған. Нью-Йорк Конвенциясы мен «Төрелік туралы» ҚР Заңының ережелері кесте түрінде салыстырылып, еліміздің заңнамасы мен шет елдердің заңнамасына талдау жасалып, диссертанттың өз ұсыныстары берілген. Диссертант шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдерін орындаудан бас тартудың әмбебап негіздерін ұсынған. Олардың әрқайсысын жеке-жеке зерттеп, негіздемесін берген. Шетел тәжірибесіне салыстырмалы құқықтық талдау жүргізген. Сондай-ақ, шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдерін орындаудың бір-бірімен байланысты халықаралық принциптер кешенін ұсынған.

Жұмыстың үшінші тарауында шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдерін мәжбүрлеп орындату заманауи талаптарға сай жүйеленген. Диссертант сот шешімдерін тану үшін соттылық ережесіне, атқару құжаттарын ерікті және мәжбүрлеп орындау мәселелеріне тоқталып, соттың практикалық материалдарын талдап, атқарушылық сатыларының ерекшеліктерін еске асырып, ҚР территориясында барлық сот орындаушылары үшін міндетті құжат ретінде пайдалануға арналған әдістемелік нұсқаулық және заңнаманы жетілдіру бойынша өзінің ұсыныстарын келтірген. Нью-Йорк конвенциясы қазіргі таңда өзектілігін жоғалтуда және шетелдік төрелік шешімдерін тану мен орындауды реттеудің жаңа форматы қажет екендігін атап көрсеткен және артықшылықтары мен кемшіліктерін, мүмкіндіктері мен тәуекелдерін кесте түрінде ашып оны жетілдіру бойынша ұсыныстар берген. Диссертант шетелдік өндіріп

алушыларға әдістемелік нұсқама әзірлеген. Шетелдік сот пен төреліктердің шешімдерін Қазақстанда орындау тәртібін кезең-кезенімен зерттеген.

Жалпы жұмыстың құрылымы зерттеу жүргізу логикасымен сәйкес келеді, зерттеуде қойылған мақсатқа қол жеткізілген және автор белгіленген міндеттерді толық орындаған әрі зерттеу тақырыбынан ауытқымай, тақырыпты толық көлемде аша білген.

3. Тақырып мәселелерін баяндаудың теориялық негізділігі, дереккөздерді қолдана білу. Зерттеу тақырыбына дереккөздерінің сәйкестігі.

Нұртан А.Е. PhD докторлық диссертациясын дайындау кезінде қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәтті қол жеткізген. Жұмыс ғылыми жаңалығымен ерекшеленеді әрі ол қорғауға ұсынылған ережелермен расталады. Диссертацияда зерттелетін объектілердің түбегейлі жана анықтамалары ұсынылған, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдерін тануға және мәжбүрлеп орындауға қойылатын құқықтық негіздер мен заманауи талаптарға авторлық көзқарас ұсынылған. Нұртан А.Е. зерттеу тақырыбын азаматтық процестік құқық, халықаралық жеке құқық, халықаралық коммерциялық төрелік және атқарушылық іс жүргізу саласындағы теориялық және практикалық дереккөздерге кешенді түрде талдау жасағанын көруге болады. Сонымен қатар, ол отандық және шетелдік авторлардың еңбектерін зерттеген және оларды логикалық тұрғыдан қолдана білген. Шетелдік авторлардың еңбектеріне салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізген, яғни, сот практикасы мен ғылыми доктриналарын қолданған.

4. Практикалық материалды талдау әдістерін меңгеру дәрежесі: тереңдігі, жүйелілігі, есептілікті қолдана білуі.

Нұртан А.Е. зерттеу әдістерін дұрыс анықтап, орынды қолдана білген. Атап айтқанда, практикалық материалдарды талдау кезінде, синтез, сот статистикасы, модельдеу және SWOT талдау әдістерін қолданған. Жұмыс жүйелі түрде жазылған, жұмыстың бөлімдері логикалық тұрғыдан бірін-бірі тізбектеп толықтырады. Докторант Қазақстан Республикасының соттары шығарған шешімдерге талдау жүргізу кезіндегі олқылықтарды анықтап, оларды шешу жөнінде ұсыныстар берген. Жұмыстың практикалық бөлігі толығымен ашылып талданған.

5. Практикалық деректерді қолдану көлемі, оларды талдау сапасы. Қосымша ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау мүмкіндігі, автордың өз тұжырымдары мен ұсыныстарының болуы.

Докторанттың қорғауға ұсынылған ережелерінің әрқайсысы өзектіліктің, ғылыми жаңалықтың талабына сәйкес келеді және автордың жеке дербес шығармашылығын білдіреді. Нұртан А.Е. жұмыстың әр бөлімшесінде нақты бір негізделген тұжырымдар жасаған. Демек, қорғауға ұсынылып отырған ережелердің барлығы практика үшін пайдалы болатыны сөзсіз.

6. Жалпылау, тұжырымдар мен ұсыныстардың қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының объективті қажеттіліктеріне сәйкестігі, оларды нақты өмірде қолдану мүмкіндігі.

Қазақстан Республикасындағы шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдерін тануға және мәжбүрлеп орындатуға қойылатын құқықтық негіздер мен заманауи талаптарды зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер доктринаны одан әрі жетілдіру үшін пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар, алынған нәтижелер мен әзірленген қағидалар әрі қарай жүргізілетін зерттеулерге арқау болып, оқыту процесінде де қолданылуы мүмкін.

Ұсынылған нұсқаулықты сот орындаушыларының атқарушылық іс жүргізу кезінде басшылыққа алуына және шетелдік өндіріп алушылар үшін атқару құжатын орындауға ұсыну кезінде қолдануына болады.

7. Жалпы мазмұны, көлемі және рәсімделуі бойынша докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкестігі.

Нұртан Азамат Ерланұлының диссертациясы мазмұны, көлемі және рәсімделуі бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен бекітілген ғылыми дәрежелер беру қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

8. Автордың жеке шығармашылық дербестігінің деңгейі.

Аталған жұмыс жоғары деңгейдегі дербестікпен сипатталады және зерттеу тақырыбына қатысты ең өзекті әрі пікірталасты мәселелер бойынша автордың ұстанымын толықтай көрсетеді. Автордың зерттеу жұмысын жазуда өзіндік стилі бар, өзінің ой-тұжырымын түсінікті сөз тіркестерімен жеткізе білген, сондықтан жұмыс жеңіл оқылады. Сонымен қатар, бұл зерттеу жұмысы тәжірибеге негізделгендігімен ерекшеленеді.

9. Жұмыстың сипаттамасы.

Диссертант жұмыстағы өзекті мәселе бойынша қазақстандық және шетелдік әдебиеттерді пайдалана отырып, жан-жақты зерттеу жүргізген. Автордың ұсыныстарын халықаралық деңгейде қолдануға болады. Диссертацияда соттардың жария тәртіпті қолану туралы Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысының, атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындату жөніндегі нұсқаулықтың және шетелдік сот пен төрелік шешімдерін тану мен мәжбүрлеп орындату туралы конвенцияның жобалары әзірленген. А.Е. Нұртанның ұсыныстары, тұжырымдары, қорғауға шығарылған ережелері жеткілікті деңгейде негізделген. Яғни, бұндай қорытындыға қалай келгенін анық көруге болады.

10. Қорғауға жіберу жөніндегі ұсынымдар.

Осылайша, Нұртан Азамат Ерланұлының диссертациялық жұмысы өзбетінші орындалған, ішкі біртұтастығы сақталған, аяқталған зерттеу болып табылады әрі теориялық құндылығы мен практикалық маңыздылығы

диссертациялық зерттеуге қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді, сондықтан жұмысты ашық қорғауға жіберуге болады, ал автор «8D04201-Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық.

Пікір жазған:
отандық ғылыми кеңесші
«Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды ұлттық
зерттеу университеті» КеАҚ
заң факультетінің Азаматтық
және еңбек құқығы кафедрасының
профессоры, з.ғ.к., профессор



А.А. Нукушева

«2» сәуір 2026 ж.

